



Ақылбаев Ж.

Ғұлама ғұмыры - өшпес өнеге / Ж.Ақылбаев // Қарағанды университеті. - 2000. -30 наурыз

Қазақ халқының бүкіл тарихында даналардың аз болмағаны белгілі. Әр түрлі себептермен олардың бірі ерте, бірі кеш танылуда. Дегенмен елі үшін туған сондай атпал азаматтарды халық құрметтеп, қадірлей білген. Ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері, қазақстандық білім мен ғылымды ұйымдастырушы, Республика ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО Жазушылар одағының мүшесі Евней Арыстанұлы Бөкетов, міне, сондай тұлғалардың бірі.

Өзі қадасын қадап, шаңырағын көтерген Қарағанды мемлекеттік университеті, химия мен металлургия ғылымында ашқан жаңалықтары, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің өркендеуіне қосқан қомақты үлесі ұлы тұлғаның болмыс-бітімін айшықтап, кемелдендіре түседі.

Евней Арыстанұлы өмірден ерте 58 жасында өтті. Елі үшін бар білімі мен маңдай терін жұмсаған ғұлама өмірі мен жасап кеткен тірлігі жас ұрпақ үшін өшпес өнеге, тағылымы мен тәрбиесі айшықты ғұмыр. Ғылымның алып бәйтерегі, білімнің іскер ұйымдастырушысы, мәдениет пен әдебиеттің шын жанашыры қалдырған мол мұра, жасап берген игіліктер елінің бүгінгіне де, ертеңіне де қызмет ете алатын құндылықтар. Сол асыл мұралардың бірі - Қарағанды мемлекеттік университеті.

Республика көлемінде өзіндік орны айқындалған оқу ордасының құрамында 12 оқу корпусы, 6 жатақхана, студенттердің осы заманғы үлгідегі санаторий-профилакторийі, 28 компьютерлік сыныбы бар компьютер орталығы, «Интернет-ҚарМУ» телекоммуникациялық орталығы, университет баспасы, 1 миллионнан астам кітап қоры бар ғылыми кітапхана, 15 оқу залы, археология және этнография, табиғат, университет тарихы, бейнелеу және декоративті-қолданбалы өнер, Е.А.Бөкетовтің мемориалдық мұражайы, Студенттердің мәдениет сарайы, «Шаңырақ» жастар орталығы, «Люкс» студенттердің тұрмыстық кешені, 8 спорт залы, жеңіл атлетика манежі, ашық стадион, табиғаты көркем Қарқаралы мен Топардағы демалыс үйлері, 3 жеке жылу орталығы бар. Бұл игіліктер осыдан 28 жыл бұрын Евней Арыстанұлы

Бөкетов салып, шаңырағын көтерген ҚарМУ-дің жаңа ғасыр табалдырығындағы жеткен биігі мен алған асуы.

Университетте мамандар даярлау екі академиялық деңгейдегі көп салалы оқу жүйесі негізінде жүзеге асырылуда. 13 мыңнан астам студентке білім беріп, даярлауға қамтылған профессор-оқытушылар құрамы жоғары мектептер талабына да, мемлекеттік стандартқа да сай. Бізде 58 ғылым докторы, профессор мен 345 ғылым кандидаты, доцент қызмет етеді. Бұл республика жоғары оқу орындары арасындағы алдыңғы қатарлы көрсеткіш. ҚарМУ 1996 жылдың маусым айынан университет басшыларының Халықаралық Ассоциациясының мүшелігіне, 1997 жылдың 26 мамырынан Халықаралық Жоғары мектептер Ғылым академиясының ұжымдық мүшелігіне, 1997 жылдың маусымынаң Евразия университеттері ассоциациясының мүшелігіне қабылданды.

Университетте төрт мамандық бойынша 4 кандидаттық және 2 мамандық бойынша бір докторлық диссертация қорғау жөніндегі ғылыми кеңес жұмыс істейді. Алда осындай тағы кандидаттық екі кеңес және төрт мамандық бойынша 2 докторлық диссертация қорғау жөнінде кеңес ашылмақшы.

Университеттің әлеуметтік жағынан даму үрдісі де айрықша атап өтуге тұрарлық. Қоғамдық тамақтандыру орталығы, емдеу-сауықтыру орны, тұрмыстық кешен игіліктері біздің ұжым мүшелерінің иелігінде. 1998 жылы он бес, ал 1999 жылы он алты оқытушымыз бен қызметкеріміз жаңа үлгідегі 2, 3, 4 бөлмелі пәтерлерге ие болды. Жуырда студенттерге арналған кафе-бар ашуды жоспарлап отырмыз. Бұл құрылыстар университеттің өз қаржысымен салынған.

Кезінде Е.А.Бөкетов былай деп жазған болатын: «...Біздер әлі жаспыз. Біздің университет қабырғаларында әлі өзінің атақты түлектерінің суреттері іліңе қойған жоқ. Бірақ сендердің араларыңда да болашақ ғұламалар, атағы жер жарған азаматтар, Қарағанды университетінің болашақ мақтаңыштары отырғанына сенімім мол.» Сол үміт, сол сенім бүгінде ақталды деп батыл айта аламыз.

Евней Арыстанұлының қасиетті есімін, ұлағатты ісін, терең ғұламалылығы мен азаматтық биік тұлғасын ұрпақ зердесінде қалдыруда айтарлықтай іс-шаралар тұрақты жүргізіліп келеді. Ол кісінің замандастары да, кешегі шәкірттері де, бүгінгі жас ұрпақ та қазақтың біртуар ардақты ұлына көрсетілуге тиісті құрмет пен парызға асқан жауапкершілікпен қарайды. Университетімізде Е.А.Бөкетовтің мемориалдық мұражайы жұмыс істейді. 1997 жылы ҚарМУ-дің құрылғанына 25 жыл толуы құрметіне академик ағамызға мүсін орнаттық. Жыл сайын наурыз айында Бөкетов апталығы өткізіліп, онда студенттер ғұлама ғалымның еңбектерімен, өмір жолымен, азаматтық биік тұлғасымен танысады. Бұл шаралар университет қабырғасынан білім алған әрбір маманның Бөкетов туралы білімін кеңейте түсері хақ.

Осыдан 28 жыл бұрын өзі шаңырағын көтерген Бөкетов университетінің тыныс-тіршілігі осындай. Ол бүгінде өсіп-өркендеген ірі ғылыми-мәдени орталыққа айналды. Жаңа ғасырға нық қадам, үлкен сеніммен аттап отырған

ҚарМУ ұжымы ғұлама ғалым, академик Евней Арыстанұлы Бөкетов алдындағы ұрпақ парызың жоғары ұстап, оның есімі мен тұлғалық қасиетіне сай өркенді істерге қол жеткізе береріңе күмән жоқ.

Buketov university